- Геологиялық ортаға және жерасты суларына әсер ету құдықты салу және кабельді төсеу үшін траншея қазу кезінде жоғарғы деңгейжиектердің механикалық бұзылуы арқылы орын алуы мүмкін. Жұмыс аяқталғаннан кейін учаске қалпына келтіріледі. Әсер ету деңгейінің маңыздылығы төмен.
- Жер ресурстарына әсер ету - бұл құрылысқа жер бөлу. Жұмыс учаскесі ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылмайды, аңш жерлерінің құндылығы өте төмен. Жер бөлу қолданыстағы жер пайдалану жүйесіне елеулі теріс әсер етпейді.



- Құрлықтағы жануарлар дүниесі. Жоба аумағында сирек кездесетін және ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер табылған жоқ. Жерге салынатын құдық жануарлардың/құстардың қоныс аудару жолында кедергі болмайды. Негізгі әсерлер-жұмыс істеп тұрған техника мен адамдардың болуынан туындаған «алаңдаушылық факторы» қысқа мерзімді сипатқа ие болады. Құрылыс жұмыстарын жүргізу биологиялық әрлүандылыққа әсер етпейді. Жағалау аумағының жануарлар дүниесіне әсері төмен деп бағаланады.

15

ТАБИҒИ ОРТАҒА ӘСЕР ЕТУДІ БАҒАЛАУ. ТЕҢІЗ

Құрылыс жұмыстары кезеңінде планктонға, бентосқа және ихтиофаунаға әсерлер болуы мүмкін:

- су түбінің және түп шөгінділерінің бұзылуы;
- лайланудың артуы;
- суды пайдалану;
- физикалық факторлар (шу, жарық).



Каспий итбалығы мен құстарына әсер ету жергілікті сипатта болады; әсері қысқа. Құбыр төсегіш кемеңің болуы көші-қон қозғалысы жолында елеулі кедергі болып табылмайды. Күтілетін әсерлер алаңдаушылық факторларынан (кемелердің, техника мен адамдардың болуы) және қозғалтқыштар мен құрылыс жұмыстарынан туындайтын шұға байланысты орын алады. Кабельді төсеу жұмыстары кезіндегі жануарлар дүниесіне күтілетін әсердің маңыздылығы – төмен.

Пайдалану кезінде теңіз түбі мен теңізді ластайтын жұмыстарды орындау жоспарда жоқ. Ешқандай әсер етулер орын алмайды.

16

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРГЕ ӘСЕР ЕТУ



Құрал-жабдықтар мен техниканың шуы, діріл, электромагниттік сәулелену және жарықтандыру деңгейі нормативтерге сәйкес келеді. 1,6 км қашықтықта орналасқан, жақын маңдағы тұрғын аймаққа (Ақтау қаласы) физикалық факторлардың нормативтерінен (шу, діріл және т.б.) асып кетуі теріс әсер етпейді. Пайдалану кезінде объект шу, діріл және ластанушы заттар шығарындыларының көзі болып табылмайды. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға болжамды әсер **елеусіз** деп бағаланады.



Құрылыс жұмыстары қысқа мерзімді, жұмыскерлердің саны шектеулі, табиғи ресурстарды алып қою және шаруашылық қызмет түрлерінің бұзылуына қатысты емес. Жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына өзгерістер күтілмейді. Жаппай жұмыс күшін тарту, халықты көшіру және жерді алып қою жоспарда жоқ. Объект халықтың денсаулығына теріс әсер етпейді және табиғи ресурстарға қол жеткізуді шектемейді. Туындауы мүмкін авариялық жағдайлардың ықтималдылығы өте төмен. Өңірлік табиғатты пайдалануға әсері шамалы деп бағаланады.

Ықтимал әсерлер болмашы деп бағаланады.

Авариялық жағдайлар қаупі өте төмен.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайларға және санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға **елеулі әсер ету күтілмейді.**

17

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Жағымсыз әсерлерді азайтуға немесе жоюға мүмкіндік беретін табиғат қорғау шаралары ҚОҚ тарауында, Табиғат қорғау іс-шаралары жоспарында, ЖШН жобасында және Қалдықтарды басқару бағдарламасында (ҚББ) келтірілген. Бұл мынадай шаралар:

- ҚР табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтау;
- Биоәруландылықты сақтау;
- Жұмыстарды арнайы бөлінген жерлерде орындау;
- Сарқынды сұларды төгуге жол бермеу;
- Қалдықтарды арнайы жабдықталған орындарда жинау, қалдықтарды уақытылы шығару;
- Бүлінген жер учаскелерін техникалық қалпына келтіру;
- Құрылыс техникасы мен теңіз көлігінің техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асыру;
- Белгілі бір бағыттар бойынша теңіз және жер үсті көлігінің қозғалысын ұйымдастыру;
- Барлық жұмыс түрлерін оңтайландыру. Жұмыс технологияларының сақталуына өндірістік бақылауды қамтамасыз ету;
- Өндірістік экологиялық бақылау мен мониторингті ұйымдастыру және жүргізу.



18

ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ/МОНИТОРИНГ

Өндірістік экологиялық бақылау/мониторинг бағдарламасының (ӨЭБ) жобасында құрылыс жұмыстары кезеңінде (кабельді төсеу) келесілер қарастырылған:

Атмосфералық ауа

Көздерде нормативтердің сақталуын бақылау есептеу әдісімен жүргізіледі. Кезеңділігі - құрылыс кезеңінде 1 рет. Жылжымалы көздердің шығарындыларын бақылау автокөліктің, техниканың техникалық байқаудан уақытылы өтуін бақылауға әкеледі.

Су ресурстары

Су шаруашылығы қызметін бақылау: тұтынылатын судың сапасы мен мөлшерін бақылау. Ауыз су мақсаттары үшін тиісті нормалар бойынша бетеледегі су пайдаланылатын болады. Сапаны бақылауды суды сататын кәсіпорын қамтамасыз етеді.

Қалдықтар

Қалдықтар жиналатын жерлерде:
 ✓ контейнерлер мен сыйымдылықтарды қоса алғанда, қалдықтар жиналатын жерлердің техникалық жай-күйіне;
 ✓ түрлері бойынша қалдықтардың бөлек жинақталуын сақтауға;
 ✓ қалдықтардың жинақталу мерзімдері мен санын сақтауға;
 ✓ қалдықтарды есепке алуды жүргізуге;
 ✓ жинақталған қалдықтарды мамандандырылған кәсіпорындарға шарт негізінде беру бойынша бақылау жүргізіледі.
 Кезеңділігі - құрылыс кезеңінде тұрақты.


Жер асты сулары. Топырақ-өсімдік жамылғысы

Жағалау учаскесінде жер бөлу шегінде жер қазу және құрылыс жұмыстарын жүргізудің технологиялық процесінің сақталуын бақылау және жер бетінің жай-күйін қадағалау. Ластануды жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау үшін топырақ-өсімдік жамылғысына және жерасты суларына әсер етудің әлеуетті көздері болып табылатын ластанған учаскелерді көзбен шолып анықтау жүзеге асырылатын болады.

19

ШЕШІМДЕР

- Оптикалық-талшықты кабельді төсеу жобасы цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және Қазақстанның жаһандық ақпараттық кеңістікке ықпалдасуына негіз болады.
- Жобада ағынды сулар мен қалдықтарды қауіпсіз басқару көзделген.
- Құрылыс кезінде қоршаған ортаға барлық анықталған әсерлердің - **маңыздылығы төмен**. Пайдалану кезінде - **әсер ету күтілмейді**.
- Жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарының денсаулығына теріс **әсер етпейді**.
- Барлық табиғат қорғау шараларын орындау арқылы жұмыстарды жүргізу орынды болып табылады және **экологиялық тұрғыдан рұқсат етіледі**.



Оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудың әлемдік тәжірибесі қоршаған ортаға теріс әсерлердің төмен, жергілікті және қысқа мерзімді екенін де растайды. Биологиялық және химиялық инертті материалдарға және шағын көлемдегі байланысты кабельдердің физикалық тұрғыда болуы теңіз қоғамдастықтарының көші-қоны үшін кедергі болып табылмайды.

Дереккөздер:

¹UNEP-WCMC report «Submarine cables and marine biodiversity» — әсерлер мен басқару мүмкіндіктеріне шолулар (UNEP-WCMC)

²ICPC publications «Submarine Cable Protection and the Environment» — қоршаған орта жөніндегі толықтай ғайдалан. (International Cable Protection Committee)

³ICPC Study on Environmental Impact of Subsea Cable Recovery (2025) — Өлшемтеудің әсерін талдау. (SubTel Forum)

⁴UNEP/ICPC report 2009 «Submarine Cables and the Oceans – Connecting the World» — классикалық халықаралық ғылыми шолу. (ResearchGate)

20

**НАЗАР ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАҢДАРЫҢЫЗ ҮШІН
РАХМЕТ!**



24.12.2025 Ж. АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА, ӨТКІЗІЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУДЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Қайырлы күн, бүгінгі қоғамдық тыңдауға қатысушылар!

Осы қоғамдық тыңдау «Әзірбайжан-Қазақстан Теңіз Кабельдік Жүйесі» жобасы жұмыстарын жүргізуге әсерге экологиялық рұқсат алу мақсатында өткізіліп отыр.

Бұл қоғамдық тыңдау келесідей тәртіпте өткізіледі:

1. Жобалаушы компанияның өкілі қатысушыларды Таныстырылыммен таныстырады.
2. Сұрақтар мен жауаптар

1 Слайд. МҰҚАБА БЕТ

Қоғамдық тыңдау:

**«Әзірбайжан-Қазақстан Теңіз Кабельдік Жүйесі» жобасы.
Әсер етуге экологиялық рұқсат алу жөніндегі қоғамдық тыңдау.**

2 Слайд. ӘСЕР ЕТУГЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РҰҚСАТ АЛУҒА АРНАЛҒАН ҚҰЖАТТАР

«Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібіне» (№319 Бұйрық, 2021 ж өзгерістермен) сәйкес, **Әсерлерге экологиялық рұқсат (ӨЭР)** алу үшін Сараптамаға келесідей құжаттар топтамасы дайындалып, ұсынылды:

- II санаттағы объектілердің әсерлеріне экологиялық рұқсат алуға Өтінім;
- Қоршаған ортаны қорғау тарауы (ҚОҚТ);
- Эмиссия нормативтері жобасы (ШРН);
- Экологиялық бақылау бағдарламасы жобасы (ЭББ);
- Қалдықтарды басқару бағдарламасы жобасы (ҚББ);
- Жалпы түсіндірме жазба.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпараттар осы таныстырылымда қысқаша берілген .

3 Слайд. ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Әзірбайжан-Қазақстан Теңіз Кабельдік Жүйесі» жобасында Каспий теңізінің түбі бойынша Сумгаит қаласынан (Әзірбайжан) Ақтау қаласына (Қазақстан) дейін оптикалық талшықты кабель тарту көзделген. Бұл «Қазақтелеком» АҚ мен «Azertelecom Int» ЖШҚ бірлесіп орындайтын стратегиялық халықаралық жоба.

Жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Әзірбайжан бағыты бойынша Каспий теңізінің түбі арқылы талшықты-оптикалық байланыс желілерін бірлесіп салуға, иеленуге және пайдалануға жәрдемдесуді ұйымдастыру туралы келісімге (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 295 қаулысымен бекітілген) сәйкес іске асырылады.

Кабельді төсеу (құрылыс жұмыстары) жұмыстары **2026 жылдың бірінші жартысында** іске асырылады деп жоспарлануда.

4 СЛАЙД ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жобаның бастамашысы: Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен мен Әзірбайжан Цифрлық даму және ақпараттық технологиялар министрлігі.

Оператор «Қазақтелеком» АҚ мен "Azertelecom Int.". ЖШҚ арасында құрылған «Caspilink BV» бірлескен кәсіпорны болып табылады.

Бас Мердігер «NMN Technologies Co. Ltd.» компаниясы, Қазақстан Республикасындағы жобалаушы ұйым «Бителеком» Өнеркәсіп-құрылыстық телефон компаниясы» АҚ.

Трассаның ұзындығы шамамен **370 км** құрайды. Қазақстан аумағында (Әзірбайжанмен шекарадан Ақтау қаласының жағалауындағы жерасты жағалау «құдығына» дейін) трассаның ұзындығы шамамен **184,4 км** болады.

Негізгі жұмыс учаскелерінің (объектілердің) координаттарын слайдтан көруге болады:

	Жер асты жағалау құдығы	Точка выхода кабеля на берег
Координаттары	43° 41.788'N, 51° 06.790'E	43°41.650' N, 51°06.612' E

Жобаны жүзеге асыру:

- деректерді берудің баламалы бағытын құруға;
- Қазақстанның интернет-арналарының өткізу қабілетін едәуір арттыруға;
- халықаралық байланыс желілерінің орнықтылығы мен сенімділігін арттыруға;
- қатысушы елдердің халықаралық ынтымақтастығын және транзиттік әлеуетін нығайтуға мүрсат береді.

Сонымен қатар, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және Қазақстанның жаһандық ақпараттық кеңістікке ықпалдасуына септігін тигізеді.

5 Слайд. ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ. ТЕҢІЗ

Теңіз түбі арқылы талшықты-оптикалық кабельді жүргізу бойынша теңіздегі құрылыс жұмыстары кабельді төсеу кемесінің көмегімен жүзеге асырылады. Әзірбайжанның шекарасынан басталған учаскеде кабельді жүргізу **су түбінің беткі қабаты** арқылы іске асырылады.

Жағалау аймағындағы таяз суларда кабельді тереңдету үшін **көлденең бағытталған бұрғылау (КББ)** әдісі пайдаланылады - бұл коммуникацияларды төсеудің траншеясыз әдісі. [Учаскенің ұзындығы 1000 м, ұңғыма диаметрі шамамен 18 мм].

Жағалау аймағында және жағаға шығу орнында - кабельдер қорғауға арналған беріктігі жоғары шойыннан жасалған қорғаныш корпусы арқылы жүргізіледі..

6 Слайд. ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ. ҚҰРЛЫҚ

Құрлықтағы құрылыс жұмыстары кабельді топыраққа тереңдетумен және кабельдің теңіз бөлігін құрлықпен қауіпсіз қосуды қамтамасыз ететін жағалау құдығы арқылы ұйымдастырылатын болады. Құрылыста жұмыс істейтін персоналдар жақын маңдағы елді мекенде тұратын болады.

Жер асты жағалау құдығынан бастап жағаға шығу нүктесіне дейінгі трасса учаскесінде кабельге арналған траншеялар экскаваторды пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады. Кабель траншеяға беріктігі жоғары шойыннан жасалған қорғаныш құбыры арқылы жүргізіледі. Кабель төсемінің тереңдігі 2 м дейін. Құрлықтағы учаскенің ұзындығы 360 м [Траншеяның параметрлері: ені **5 м**, тереңдігі **2 м**, траншеяның ұзындығы **360 м** жуық.] Жағалау құдығының өлшемі **3,5*3*3 м** жуық.

Жағалау құдығына тұрақты жер бөлу ауданы **9 шаршы метрді** құрайды.

[Құрлықтағы құрылыс жұмыстарына арналған жер учаскесінің жалпы ауданы–1 га. жуық]

Жұмыстар аяқталғаннан кейін учаске қалпына келтіріледі.

7 Слайд. Объектіні пайдалану

- Қоршаған ортаға әсерлер тек **кабельді салу/төсеу кезеңінде** ғана орын алуы мүмін деп болжануда. Жағадағы барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін оның аумағы бастапқы қалпына келтірілетін болады. Теңіз түбі бойынша жүргізілген және құрлықта топыраққа тереңдетіліп енгізілетін оптикалық-талшықты кабельді пайдалану кезінде қоршаған ортаға еш әсері болмайды.

- «Талшықты-оптикалық кабельді пайдалану» қызметінің түрі Экокодекстің 1, 2 және 3-қосымшаларында жоқ. Кабельді пайдалану кезінде атмосфералық ауаға ЛЗ шығарындылары, қоршаған ортаға ластаушы заттардың төгінділері, әсер етудің физикалық факторлары және қалдықтардың түзілуі орын алмайды.
- Аталған деректер талшықты-оптикалық кабельді пайдалану жөніндегі **көзделіп отырған қызметті IV санаттағы объектілерге - қоршаған ортаға ең аз жағымсыз әсер ететін объектілерге** жатқызуға мүмкіндік береді («Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықтың» 13-тармағы) (№ 246 бұйрық).

8 Слайд. ТАБИҒИ ОРТАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ. ТЕҢІЗ

2025 жылдың жазында жоба аумағында (теңіз және құрлық) табиғи ортаға фондық зерттеулер жүргізілді.

Теңіз суы. Су ортасы мен су түбі шөгінділерінің ластануы байқалмады. Су түбі шөгінділерінде анықталған заттардың концентрациясының Орта Каспий үшін табиғи деңгейге сәйкестігі байқалды, бұл техногендік ластанудың әсерінің жоқтығын білдіреді.

Ихтиофауна. Зерттеу ауданындағы балық қауымдастығының түрлік құрылымы өзгермелі. Жұмыс ауданында барлығы 20 балық түрі тіркелді.. Егер бұзаубас тұқымдас балықтардың өкілдері осы учаскеде тұрақты болатын болса, алайда нектондық ихтиофаунаның өкілдері осы ауданда, әдетте, көші-қон кезінде пайда болады.

Құстар. ҚР Қызыл кітабына енгізілген құстардың сирек кездесетін және қорғалатын түрлері тек кездейсоқ ұшу кезінде және көші-қон кезеңінде ғана кездесуі мүмкін.

Итбалықтар. Жоспарланған жұмыстар ауданында итбалықтардың жеке дарақтары мен топтары маусымдық орын ауыстыру кезінде кездесуі мүмкін.

9 СЛАЙД. ТАБИҒИ ОРТАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ.ҚҰРЛЫҚ

Топырақтың құнарлығы төмен және іс жүзінде ауыл шаруашылығында пайдалануға жарамсыз. Топырақтың ауыр металдардың жалпы түрлерімен және мұнай өнімдерімен ластануы орын алған жоқ..

Құрлықтағы жұмыс учаскесіндегі табиғи мекендеу орындары қатты бұзылу дәрежесімен сипатталады. Жалпы алғанда, жағалау аймағының фаунасын түрлік әралуандылыққа қатысты олардың саны аз және жұтаң деп сипаттауға болады.

ҚР Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін түрлер тіркелмеді. ҚР Қызыл кітабына енгізілген құстардың сирек кездесетін және қорғалатын түрлері тек кездейсоқ ұшу кезінде және көші-қон кезеңінде ғана кездесуі мүмкін.

10 Слайд. ҚОҚТ. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

Қоршаған ортаны қорғау тарауында қоршаған ортаның қазіргі жай-күйі бойынша толықтай ақпарат, жоспарланатын қызметтің табиғи орта компоненттеріне (атмосфералық ауа, топырақ-өсімдік жамылғысы, теңіз биотасы және т.б.) ықтимал әсерін кешенді бағалаудың негіздемесі мен нәтижелері келтірілген. Сондай-ақ халықтың денсаулығын қоса алғандағы, әлеуметтік-экономикалық аспектілерге әсерді бағалау жүргізілді.

Бұл слайдта әсерді кешенді бағалаудың көлемінің сызбасы көрсетілген.

11 СЛАЙД. Атмосфералық ауа

Жоспарланған жұмыстар атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларымен сүйемелденетін болады. Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфералық ауаның сапасына ықтимал әсерін модельдеу орындалды және бағалау жүргізілді.

Шығарындылардың негізгі көздері: генераторлардың шығарынды құбырлары, инсинератордың түтін құбырлары, ЖЖМ резервуарларының тыныс алу клапандары, құрылыс техникасы мен кемелерінің қозғалтқыштары, құрылыс материалдарын түсірумен және орнын ауыстырумен байланысты жерге қатысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі шаң, құрылыс алаңы бойынша

арнайы техниканы ауыстыру кезіндегі шаң, ЖЖМ беру жүйесінің тығыз еместігі болып табылады.

Атмосфералық ауаға қауіптіліктің 1-4-сыныптарына жататын 14 атаудағы ластаушы заттар түсетін болады (қауіптілік сыныптары қолданыстағы санитариялық-гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді). 5 (бес) ластаушы заттардың қосындылаушы әсері бар және қосындылардың 4 тобын қалыптастырады.

Жүргізілген есептеулердің нәтижелері бойынша жұмыстарды орындаудың барлық кезеңінде стационарлық көздерден ластаушы заттардың шығарындыларының жиынтық көлемі 17,231 тоннаны құрайды. Бұл көрсеткіш жабдықтың сипаттамаларын, жұмыс жүргізу ұзақтығын және көздердің жұмыс режимін ескере отырып дайындалған. Шығарындылардың есептік көлемі жол берілетін шығарындылар нормативтерінің (ЖШН) жобасында көрсетілген және қолданыстағы экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес келеді. Көрсетілген көлемді қарастырылып отырған жұмыс кезеңі үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативі ретінде алу ұсынылады.

Құрылыс кезінде шығарындылар көлеміне азот оксиді, көміртек оксиді, күкірт диоксиді және көмірсутектер шығарындылары негізгі үлес қосатын болады. Жоспарланған жұмыстардан шығарындылардың жалпы көлеміне осы ластаушы заттардың үлесі 94.3% -ды құрайды. Басқа заттардың көлемі жиынтығында 5.7% -дан аспайды.

12 СЛАЙД. Атмосфералық ауа

Құрлық. Атмосфералық ауаға әсерді бағалау мақсатында Каспий теңізі акваториясы мен құрлықта кабель төсеу бойынша жұмыстарды жүргізуді ескеретін сценарийлер бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейін модельдеу жүргізілді. Ластаушы заттардың жер үстінде шоғырлануының алынған шамаларына талдау жүргізілді.

Бұл слайдта құрлықта кабель тарту жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфералық ауаға әсер ету бағытының шекарасы көрсетілген.

Атмосферадағы ластаушы заттардың таралуын есептеу шығарындыларда бар барлық ластаушы заттар мен жиынтық топтары бойынша, сондай-ақ құрлықтағы жұмыстар кезінде іске қосылған жабдықтар мен арнайы техниканың ең жоғары жүктемесі мен бір мезгілділігін ескере отырып жүргізілді.

Атмосфералық ауаға әсерді бағалау шамамен 1.6 км қашықтықта орналасқан қарастырылып отырған алаңның оңтүстігіне қарай. Ақтау қаласына дейінгі **ең жақын елді мекен аймағы бойынша** жүргізілді. Ластаушы заттардың таралуын есептеу нәтижелерін талдау жақын маңдағы тұрғын аймақтың шекарасында ластаушы заттардың ешқайсысы бойынша шекті **рұқсат етілген шоғырланудың артуы** анықталмағандығын көрсетті.

Ең көп шоғырланулар «азот диоксиді және күкірт диоксиді» жиынтық тобы бойынша байқалды. **Ақтау қаласының шекарасындағы ең көп шоғырлану 0,16 ШЖК құрады.**

Шығарындыларға негізгі үлесті Көлденең Бағыттағы Бұрғылау қондырғысының дизель генераторы және бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде іске қосылатын қосалқы генератор қосады.

Құрлықта жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде әсер ету бағытының максималды радиусы шығарындылардың негізгі құрамдауыштарынан **550 метрді** құрайды. Әсер ету бағытының ауданы шамамен **1.12 км²**.

Теңіз. Слайдта теңіз акваториясында кабель тарту жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфералық ауаға әсер ету бағытының шекарасы көрсетілген.

Атмосферадағы ластаушы заттардың таралуын есептеу шығарындыларда бар барлық ластаушы заттар мен жиынтық топтары бойынша, сондай-ақ теңіз акваториясындағы жұмыстарға тартылған кабель тартатын кемеде орналасқан жабдықтар мен қосалқы кемелердің қозғалтқыштары жұмысының ең жоғары жүктемесі мен бір мезгілділігін ескере отырып жүргізілді.

Ластаушы заттардың таралуын есептеу нәтижелерін талдау жақын маңдағы тұрғын аймақтың (Ақтау қаласы) шекарасында ластаушы заттардың бірде-бірі бойынша **шексіз жол берілетін шоғырланудың артуы** анықталмағандығын көрсетті.

Барлық ластаушы заттардың, сондай-ақ қосындылау әсері бар заттар топтарының ең көп шоғырлануы «азот диоксиді және күкірт диоксиді» қосындыларының тобы бойынша байқалды

және тұрғын аймағының шекарасында 0.102 ШРК [$C_m=0.102$ ШРК] құрады.

Шығарындыларға негізгі үлесті қосалқы кемелердің қозғалтқыштары және кабель тартушы кемеде іске қосылған дизель генераторлары қосады.

Теңіз акваториясында жұмыстар жүргізу кезінде іске қосылған көздерден әсер ету бағытының ең жоғары радиусы шамамен 560 метрді құрайды. Әсер ету бағытының ауданы шамамен **1 км²**.

13 Слайд. Су ресурстары

- ❑ Кабельді төсеу кезіндегі жұмыс тәртібі су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі жұмыстар бойынша экологиялық талаптарға сәйкес келеді.
- ❑ Сумен жабдықтау көздері: Каспий теңізі (кемелер үшін) және бөтелкедегі су (персоналдар үшін).
- ❑ Су ресурстарына әсері су тұтыну және су бұру тұрғысынан бағаланды:

Құрылыс кезінде. Құрылыс персоналы үшін суды тұтыну бөтелкедегі суды жеткізетін ұйымдармен шарттар арқылы жоспарланады. Кемелерде су: кеме қозғалтқыштарын салқындатуға, кабельді төсеу кемесін балласттауға пайдаланылады. Сондай-ақ теңіз суы көлденең ұңғыманы бұрғылау кезінде пайдаланылады. Су тұтыну көлемі: 212 565,5 м³/кезең (бөтелкедегі суды қосқанда – 418,5 м³ (теңіз) және 67,0 м³ (құрлық). Сарқынды суларды су қоймасына және/немесе жер бедеріне ағызу көзделмеген.

Табиғат қорғау іс-шаралары сақталған жағдайда құрылыс жұмыстары кезеңінде теңіз суларына әсер ету төменгі маңыздылық шегінде деп күтілуде.

Сарқынды сулардың төгінділерінің болмауына байланысты ластаушы заттардың нормативтерін айқындау, жол берілетін төгінділердің нормативтерін әзірлеу негізсіз болып табылады.

Сарқынды суларды су қоймасына және/немесе жер бедеріне ағызудың болмауына байланысты ластаушы заттардың нормативтерін айқындау, жол берілетін ағызу нормативтерін әзірлеу және тиісінше сарқынды суларды ағызу үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу негізсіз болып табылады.

Пайдалану кезінде. Пайдалану кезінде сумен жабдықтау қажет етілмейді. Қандай да бір операциялардың орын алмауына байланысты сарқынды сулар болмайды.

14 Слайд. Қалдықтардың жинақталу лимиттері

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының түзілуі

- ❑ **Құрылыс кезінде:** Құрылыс кезінде: Жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының пайда болуы, жылына (2026 ж) 224,316 тонна деп күтілуде, оның ішінде - қауіпті қалдықтар – 0,699 т, оның ішінде: майланған шүберектер – 0,343 т, қоқыс жағатын қондырғылардың күлі – 0,353 т, медициналық қалдықтар – 0,003 т.
 - ❑ - қауіпті емес қалдықтар – 223,617 т, оның ішінде: бұрғылау шламы – 213,646 т, құрылыс қалдықтары – 3,430 т, қатты тұрмыстық қалдықтар – 3,971 т/жылына, тағам қалдықтары – 1,674 т, пластик қалдықтары – 0,821 т, арнаулы киім қалдықтары – 0,075 т.
- Қалдықтардың барлық түрлері одан әрі кәдеге жарату, залалсыздандыру немесе қайта өңдеу үшін тиісті лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға шарт негізінде берілетін болады.
- ❑ **Пайдалану кезінде:** өндіріс және тұтыну қалдықтары түзілмейді.

15 Слайд. Әсер ету. Құрлық

Табиғи ортаның құрамдас бөліктеріне әсер ету құрылыс кезеңінде ғана күтілуде. Біқтимал әсер етудің мынадай түрлері анықталды:

- ❑ **Геологиялық ортаға және жерасты суларына** әсер ету жағалау құдығын салу және кабельді төсеу үшін траншея қазу кезінде жоғарғы деңгейжиектердің механикалық бұзылуы арқылы орын алуы мүмкін. Жұмыс аяқталғаннан кейін учаске қалпына келтіріледі. Әсері төмен маңыздылықта.

- Жер ресурстарына әсер ету құрылысқа жер бөлуден тұрады. Жұмыс учаскесі ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылмайды, жердің агроөндірістік құндылығы өте төмен, Жер бөлу қолданыстағы жер пайдалану жүйесіне елеулі теріс әсер етпейді.
- Құрылыстағы жануарлар дүниесі.** Жоба аумағында сирек кездесетін және ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер табылған жоқ. Жерге салынатын құдық жануарлардың/құстардың қоныс аудару жолында кедергі болмайды.

Негізгі әсерлер-жұмыс істеп тұрған техника мен адамдардың болуынан туындаған «алаңдаушылық факторы» қысқа мерзімді сипатқа ие болады.

Жұмыстарды жүргізу Маңғыстау облысының жағалау аумағының биологиялық әралуандылығына әсер етпейді. Жағалау аумағының жануарлар дүниесіне әсері төмен деп бағаланады..

16 Слайд. Әсер ету Теңіз.

Кабельді төсеу жұмыстарын жүргізу кезінде каспий итбалығы мен құстарына әсер ету жергілікті сипатта болады; әсері қысқа. Құбыр төсегіш кемелің болуы көші-қон қозғалысы жолында елеулі кедергі болып табылмайды. Күтілетін әсерлер алаңдаушылық факторларына (кемелердің, техника мен адамдардың болуы) және қозғалтқыштар мен құрылыс жұмыстарынан туындайтын шуға байланысты орын алады.

Кабельді төсеу жұмыстары кезіндегі жануарлар дүниесіне күтілетін әсердің маңыздылығы- төмен

Планктонға, бентосқа және ихтиофаунаға әсер оптикалық талшықты кабельді төсеу бойынша құрылыс жұмыстары кезеңінде болуы мүмкін. Бұл - кеме қозғалтқыштарын салқындату үшін су тұтыну, КББ шахтасының түп бетіне шығатын жеріндегі түптік шөгінділердің бұзылуы, бұл ретте жоғары лайлану бұлтының пайда болуы.

Құрылыс жұмыстары кезеңінде планктонға, бентосқа және ихтиофаунаға әсерлер:

- су түбінің және түп шөгінділерінің бұзылуы;
- лайланудың артуы;
- су алу;
- физикалық факторлар (шу, жарық).

ҚОҚ бөлімінде ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес, балық ресурстары мен басқа да су жануарларына ықтимал залалды (зиянды) бағалау жүргізілді және өтемақы іс-шаралары ұсынылды. Құрылыс жұмыстарынан орын алуы мүмкін залал (зиян) үшін өтемақылық зиянның мөлшері шамамен 2,8 млн. теңгені құрайды. Белгілі бір зиянды өтеу уәкілетті органның ведомствосымен жасалған шарт негізінде немесе балық шаруашылығы су айдындарына балық өсіру материалдарын шығаруды, уылдырық шашу орындарын қалпына келтіруді және су объектілерін балық шаруашылығына мелиорациялауды көздейтін іс-шараларды орындау түрінде немесе уәкілетті органның нұсқауы бойынша өзге іс-шараларды өткізу түрінде жүзеге асырылатын болады.

Пайдалану кезінде теңіз түбін бұзатын және теңізді ластайтын жұмыстарды жүзеге асыру жоспарланбайды (ықтимал жөндеуден басқа). Демек, әсер ету күтілмейді.

17 Слайд. Әлеуметтік-экономикалық аспектілер.

- Жұмыстар санитарлық нормалар мен еңбекті қорғау талаптарын сақтай отырып орындалады. Шу, діріл, электромагниттік сәулелену және жарықтандыру деңгейлері бар жабдықтарды пайдалану МемСТ, СанЕ, ҚНЖЕ белгіленген нормаларға сәйкес келеді. 1,6 км қашықтықта (Ақтау қаласы) орналасқан жақын маңдағы тұрғын аймаққа физикалық факторлардың (шу, діріл, электромагниттік сәулелену, жарықтандыру және иондаушы сәулелену) нормативтерінің артуына байланысты теріс әсер етпейді. Пайдалану процесінде объект шу, діріл және ластаушы заттар шығарындыларының көзі болып табылмайды. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға болжамды әсер елеусіз деп бағаланады.
- Құрылыс жұмыстары қысқа мерзімді сипатқа ие, жұмыскерлер саны шектеулі және табиғи ресурстарды алып қоюмен немесе қолданыстағы шаруашылық қызмет

түрлерінің бұзылуымен байланысты емес. Жобаны іске асыру кезінде жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеруі күтілмейді. Жаппай жұмыс күшін тарту, жаппай көшіру немесе жерді алып қою көзделмейді. Объект халықтың денсаулығына теріс әсер етпейді және табиғи ресурстарға қол жеткізуді шектемейді. Үлгілі авариялық жағдайлардың халық үшін елеулі салдары жоқ, үлгілімалдылығы өте төмен . Өңірлік табиғат пайдалануға әсері шамалы деп бағаланады.

- Ашықтықты қамтамасыз ету және халықтың пікірін ескеру үшін жоба қоғамдық тыңдаулар рәсімінен өтеді. Объектіні іске асыру қосымша әлеуметтік тәуекелдерге әкеп соқтырмайды. Қажет болған жағдайда халықты жұмыс барысымен және объектіні пайдалану нәтижелері туралы хабардар ету көзделген.

Үлгілі әсерлер болмашы деп бағаланады. Авариялық жағдайлар қаупі өте төмен. Әлеуметтік-экономикалық жағдайларға және санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға елеулі әсер ету күтілмейді.

18 Слайд. Табиғатты қорғау шаралары

Жағымсыз әсерлерді азайтуға немесе жоюға мүмкіндік беретін табиғат қорғау шаралары ҚОҚ тарауында, Табиғат қорғау іс-шаралары жоспарында, ЖШН жобасында және Қалдықтарды басқару бағдарламасында (ҚББ) келтірілген. Бұл мынадай шаралар:

- ҚР табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтау;
- Биоәруандылықты сақтау;
- Жұмыстарды арнайы бөлінген жерлерде орындау;
- Қалдық суларды төгуге жол бермеу;
- Қалдықтарды арнайы жабдықталған орындарда жинау, қалдықтарды уақытылы шығару.;
- Жұмыс жүргізу кезінде бүлінген жер учаскелерін техникалық қалпына келтіру;
- Құрылыс техникасы мен теңіз көлігінің техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асыру;
- Белгілі бір бағыттар бойынша теңіз және жер үсті көлігінің қозғалысын ұйымдастыру;
- Барлық жұмыс түрлерін жоспарланған мерзімде орындауға мүмкіндік беретін оңтайландырулар. Жұмыс технологияларының сақталуына өндірістік бақылауды қамтамасыз ету;
- Жоспарланған көлемде өндірістік экологиялық бақылау мен мониторингті ұйымдастыру және жүргізу.
- Келтірілген зиянды өтеу. Балық ресурстарына келтірілген зиянды өтеу уәкілетті органның ведомствосымен жасалған шарт негізінде балық шаруашылығы су айдындарына балық отырғызу материалдарын шығаруды, уылдырық шашу орындарын қалпына келтіруді және су объектілерін балық шаруашылығы мелиорациялауды көздейтін іс-шараларды орындау жолымен жүзеге асырылатын болады.

19 Слайд.

Өндірістік экологиялық бақылау/мониторинг бағдарламасының (ӨЭБ) жобасында құрылыс жұмыстары (кабель төсеу) кезеңінде атмосфералық ауа мен су ресурстары сапасының мониторингі, қалдықтардың пайда болуын бақылау, жерасты суларының және топырақ-өсімдік жамылғысының ластануын бақылау осы слайдта ұсынылған әдістермен көзделген:

Атмосфералық ауа	Су ресурстары	Қалдықтар	Жер асты сулары. Топырақ-өсімдік жамылғысы
<p>Көздерде жол берілетін шығарындылар нормативтерінің сақталуын бақылау есептеу әдісімен жүргізіледі. Кезеңділігі - құрылыс кезеңінде 1 рет.</p> <p>Жылжымалы көздердің шығарындыларын бақылау автокөліктің техникалық байқаудан уақытылы өтуін бақылауға, құрылыс техникасы, шығарындылардың жалпы көлемін анықтау (тонна/жылына) отын шығыны бойынша есептеу әдісімен орындалады.</p>	<p>Су шаруашылығы қызметін бақылау: тұтынылатын судың сапасы мен мөлшерін бақылау. Ауыз су мақсаттары үшін тиісті нормалар бойынша бөтелкедегі су пайдаланылатын болады. Сапаны бақылауды суды сататын кәсіпорын қамтамасыз етеді.</p>	<p>Қалдықтар жиналатын жерлерде: - контейнерлер мен сыйымдылықтарды қоса алғанда, қалдықтар жиналатын жерлердің техникалық жай-күйіне; - түрлері бойынша қалдықтардың бөлек жинақталуын сақтауға; - қалдықтардың жинақталу мерзімдері мен санын сақтауға; - қалдықтарды есепке алуды жүргізуге; - жинақталған қалдықтарды мамандандырылған кәсіпорындарға шарт негізінде беру бойынша бақылау жүргізіледі.</p> <p>Кезеңділігі - құрылыс кезеңінде тұрақты.</p>	<p>Жағалау учаскесінде жер бөлу шегінде жер қазу және құрылыс жұмыстарын жүргізудің технологиялық процесінің сақталуын бақылау және жер бетінің жай-күйін қадағалау. Ластануды жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау үшін топырақ-өсімдік жамылғысына және жерасты суларына әсер етудің әлеуетті көздері болып табылатын ластанған учаскелерді көзбен шолып анықтау жүзеге асырылатын болады..</p>

20 Слайд

- ❑ Оптикалық-талшықты кабельді төсеу жобасы цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және Қазақстанның жаһандық ақпараттық кеңістікке ықпалдасуына негіз болады.
- ❑ Жобада ағынды сулар мен қалдықтарды қауіпсіз басқару көзделген.
- ❑ Құрылыс кезінде қоршаған ортаға барлық анықталған әсерлердің - маңыздылығы төмен. Пайдалану кезінде - әсер ету күтілмейді.
- ❑ Жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындарының денсаулығына теріс әсер етпейді.
- ❑ Барлық табиғат қорғау шараларын орындау арқылы жұмыстарды жүргізу орынды болып табылады және экологиялық тұрғыдан рұқсат етіледі.

Байланыстың оптикалық-талшықты желілерін пайдаланудың әлемдік тәжірибесі құрылыс кезеңінде қоршаған ортаға теріс әсерлердің төмен, жергілікті және қысқа мерзімді екенін растайды.

21 Слайд

НАЗАР ҚОЙЫП ТЫҢДАҒАҢДАРЫҢЫЗ ҮШІН РАҚМЕТ!